

№5 Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін орта мектебінде психологиялық педагогикалық сүйемелеу және қолдауының жоспарына сәйкес өткізілген «Ата-аналар жиналысы: «Бірінші сынып оқушыларын диагностикалық тексеру» бейімделу кезеңі және мектепте оқуға дайындығы» тақырыбының анықтамасы

Күні: 13.11.2024ж.

Қатысқан ата-аналар саны: 58

Мектеп психологы Әлия Төлегенқызы ата-аналарға «Менің балам-менің болашағым» тақырыбында баяндама оқыды. Содан кейін сөз алып өткізілген түзету-дамыту жұмыстары мен диагностика қорытындыларын жеткізді.

16.09-20.09.2024 жылы барлық 1-ші сынып оқушыларына «Мен және менің ортам» тақырыбында тренинг сабақтар жүргізілді. Тренинг мақсаты: өмірде адамнан асқан құндылық жоқ екендігін түсіндіре отырып, бақытты өмір сүру үшін өзін-өзі психологиялық тұрғыдан дайындауға, жеке қасиеттерін білуге тәрбиелей отырып, дұрыс қарым-қатынасқа түсу мәдениетін және жағымды «Мен» концепциясын қалыптастыру. Бірінші сынып оқушыларына бұл тренингті өткізу үшін «Топта жұмыс істеу ережесі» жазылған плакат, А3-А4 қағаз беттері, фломастерлер, қарындаштар, қобдиша, адамгершілік қасиеттері жазылған карточкалар, үлестірмелі смайликтер, доп, жіп қажет болды. Алдымен амандасу – «таныстыру» жаттығуын жасадық. Одан кейін «Автопортрет» жаттығуын жасап, «Мен басқаның көзімен» жаттығуы арқылы, «Сиқырлы қобдиша» жаттығуын орындады. «Жүйрік ой» мен «Қайта байланыс» жаттығуы арқылы қорытындылады.

Және де барлық оқушылардан Керн Йересак диагностикасы алынды. Диагностика негізге әр сыныптың мектепке дайындығы анықталды. Ең жоғары деңгейді көрсеткен 1 «в» класы көрсетсе, ең төмен деңгейді 1 «а» класы көрсетті. Класс жетекшілерге ұсыныстар берілді. Оқушымен жеке түзету-дамыту жұмыстарының жүргізілуі: «Ата-анамен байланыс журналы» және «Жеке жүргізілген жұмыстарды жинақтау папкасы» жүргізіліп отырады. Күнделікті ата-анамен оқушымен жүргізілген жұмыстармен танысып, даму деңгейін көріп, танысқандығы жөнінде қолын қойып отырады. Қорытынды ретінде «Балам ер жеткенде» тақырыбында бейнеролик көрсетіп, «Алма» тренингін жасады. Ата-аналар біраз ақпарат алып, көкейдегі сұрақтарына да жауап алды.

Өткізген: мектеп психологы :  Ә.Т.Аманияз